

**SD01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша Сыздықова Биби Ергазықызының  
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың  
аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің  
ПІКІРІ**

p/и №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;</p> <p>2) «Ұлы даланың жеті қырь» бағдарламасы (І. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 21.11. 2018 ж.).</p> <p>3) ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04. 2016 ж.).</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Б.Сыздықованың диссертациялық жұмысы әдебиеттану ғылымының дамуына елеулі үлес қосады, оның маңызы негізгі қағидаларда жақсы ашылған және зерттеу нәтижелерімен расталған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары

			мен стилін менгерген, өзіндік сыни пікірі калыптаскан, ғылыми тілі жатык. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады.
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында ұсынылған теориялық және практикалық нәтижелер өзара байланыста болуымен, ғылыми зерттеудің тәжірибелік кезеңдерінің сабақтастығымен, жүйелілігімен, зерттеу әдістерін тиімді қолдануымен, ғылыми аппараттың ауқымдылығымен, жүйелі жазылуымен анықталады. Диссертациялық жұмыста мифтің шығармашылық таным ретіндегі эволюциясына арналған отандық және шетелдік зерттеушілердің теориялық тұжырымдары жүйелене отырып, ол көзқарастардағы қайшылықтар мен ортақ концепциялар айқындалады. Мифологияның басқа ғылымдармен байланысы, қазіргі мифологиялық мектептердің негізгі бағыттары анықталады. Поэтиканың дербес бөлімі ретінде мифопоэтиканың тәсілдері көрсетіледі.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	Диссертацияны оқып талдау барысында, зерттеудің мазмұны диссертацияның

		<p>1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды;</p>	<p>тақырыбын нақты айқындайтыны байқалады. Жұмыстың мазмұны қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифтік сюжеттер мен мотивтерді, образдарды жүйелі түрде қарастыруда ішкі тұтастықты сақтайды. Зерттеу тақырыбының теориялық мәселелерін қамтитын алғашқы тарауда миф, мифологияға қатысты тұжырымдар жүйесі жасалып, синергетикалық зерттеулерге баға беріледі. Мифопоэтиканың негізгі заңдылықтары, нысаны айқындалады. Екінші тарауда қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифологиялық реминисценциялар зерттеу өзегіне айналады. Ал жазушылардың жеке шығармашылығының нәтижесі – авторлық мифологизм, мифтік шығармашылықтағы постмодернистік үлгілер, көркем шығарманы оқытудағы мифопоэтикалық тәсілдер үшінші тарауда әдеби-теориялық тұрғыдан талданған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді;</p>	<p>Зерттеу жұмысында диссертант фольклорлық-мифологиялық сюжеттер мен мотивтерді назарға ала отырып, олардың қазіргі қазақ әңгімелеріндегі авторлық интертекстуалдылығын, трансформациясын анықтау және соның негізінде миф-фольклор-әдебиет байланысының көркемдік, мифопоэтикалық аспектілерін зерттеуді мақсат етеді және осы мақсатты орындау жолында қойылған міндеттер</p>

			диссертация тақырыбына нақты сәйкес келеді. Сәйкестік зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <b>1) толық байланысқан;</b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ;	Диссертациялық жұмыстың екі бөлімі, жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми теориялық және тәжірибелік нәтижелері жасалған тұжырымдардың тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <b>1) сыни талдау бар;</b> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Қазіргі ұлттық прозадағы авторлық мифтердің құрылымын, бейнелеудің жаңа тәсілдерін бірнеше жазушылардың стильдік ерекшеліктері ретінде теориялық-эстетикалық тұрғыдан саралап көрсетуі зерттеліп отырған мәселедегі жеке еңбегі деп бағалануға лайық. Бұл докторанттың позициясы соны ғылыми-әдіснамалық бағдарға сәйкес екенін көрсетеді. Көркем шығарманы оқытуда ұсынған мифопоэтикалық тәсілдер теориялық зерттеулер нәтижелерін іс-жүзінде қолданудың нақты жолдары.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидалар толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияда келтірілген тұжырымдалар көркем шығарманы, соның ішінде қазіргі қазақ прозасын мифопоэтикалық талдау әдістерін оқу үдерісіне енгізудің тиімділігі туралы

			<p>теориялық тұжырымдамалары мен ұсынылған әдістері ғылым мен білім саласына қосқан үлесі болып саналады. Зерттеу барысында докторант келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:1) Қазіргі казак әдебиетіндегі шағын проза жанры - казак әңгімелеріндегі мифологизмнің авторлық кеңістікте дамуы мен өзгеріске ұшырау жолдары анықталған; 2) Ғаламның мифопоэтикалық бейнесінің параметрлері және оның негізгі заңдылықтары жүйелі зерттеліп, сипатталады және оларды мәдени-тарихи контекст тұрғысынан талданған; 3) Қазіргі әңгіме жанрындағы кеңістік-уақыт континуумының авторлық образ жасаудағы ролі айқындалған; 4) Оқу үрдісіне көркем шығарманы, соның ішінде қазіргі казак прозасын мифопоэтикалық талдау әдістерін енгізудің тиімділігі туралы теориялық негіздемелер жасалған</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Б.Е.Сыздыкова диссертациялық жұмысында келтірілген қорытындылар толығымен жаңа. Жұмыстың мазмұнының айқындығы, қолданылған оқыту әдістемесінің тиімділігі, сапалық көрсеткіштерінің дәлдігі толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының жүргізілуі ғылыми-әдістемелік, психологиялық, педагогикалық еңбектерге зерделеу, талдау жасау арқылы негіздеумен, жеке ойын теориялық тұрғыда тұжырымдай</p>

			білуімен және қорытынды жасауымен сипатталады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Б.Е.Сыздыкова мифтік дүниетанымының әдебиетке ықпал ете бастаған ілкі кезеңдерінен бастап, қазіргі дәуірге дейінгі эволюциясындағы ең маңызды өзгерістерге баға береді. Мифтердің трансформацияланып, жаңа құрылымға айналуы нәтижесінде қазіргі әдеби дискурстың маңызды құралына айналғаны ғылыми тұрғыдан дәйектеледі. Мифологиялық дискурста фольклордағы, философия және теологиядағы архаикалық формалардың бірігуі сынды құбылыстардың табиғаты ашылады.

7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p>	<p>Б.Е.Сыздықованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған келесідей негізгі қағидалар дәлелденген:</p> <p>1. Миф – қоғам мен жаратылыс, дін және өнер туралы ғылыми идеялардың бірлігі болып табылады.</p> <p>2. Кез келген мәдени-тарихи кезең қоғамда өзінің мифтерін қалыптастырады және насихаттайды, ескі мифтерді жокқа шығарып, орнына жанасын әкеледі. Әсіресе мұндай өзгерістер әлеуметтік-саяси сферада өзекті болып табылады.</p> <p>3. Әдебиеттегі мифологиялық дискурста тән ерекшелік – әртүрлі мәдени, әдеби, діни мифтерді (сюжеттер, бейнелер, мотивтер) біріктіру. Бұл әдебиет үшін өте маңызды, өйткені ол шығармалардың уақыт пен кеңістіктік шеңберін кеңейтеді, жана жанрлық модификациялардың, стильдеулердің, сюжеттік қозғалыстардың дамуына серпін береді. Мұндай үрдіс қазіргі қазақ прозасының жанрларынан да көрініс табады.</p> <p>4. Қазақтың байырғы дүниетанымымен тікелей байланысын сақтайтын «түс көру», «ғажайып туу», «бақсылық», «сұбылушылық», «қайта оралу», «ғаламның жаралуы» т.б. мотивтер мен тотемдік, архетиптік образдар қазіргі қазақ әңгімелерінде ұлт мәдениетінің символдық жүйесінің көрінісі ретінде жүзеге асырылады.</p> <p>5. Архетиптер негізінде образдарды</p>
---	--	--	---

		<p>жүйелеу және оларды мәтінде жүзеге асыру жолдарын белгілеу уақыт өте келе автордың стилі мен ойлауының, дәстүрлі элементтердің өзгеру принциптерін және фольклорлық-мифологиялық бейнелерді, мотивтерді, сюжеттерді шығармашылық игерудің заңдылықтарын байқауға мүмкіндік береді.</p> <p>6. Көркем шығармаларға мифопоэтикалық талдау жасата отырып оқыту білім алушыларға жаһандық мәселелерге сыни көзқарас қалыптастырып, ауқымды ойлауға үйретеді.</p>
	7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <b>2) жоқ</b>	Тривиалды емес
	7.3 Жаңа ма? <b>1) ия;</b> 2) жоқ	Жаңа
	7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <b>3) кең</b>	Алдағы уақытта қолданылу ауқымы орташа
	7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>1) ия;</b> 2) жоқ	<p>Диссертацияда ұсынылған тұжырымдамалар келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p><b>Scopus базасында:</b> 1) Myth and Mythological Discourse in Literary Studies // Bakhtiniana, Rev. Estud. Discurso 18 (04) 2023 <a href="https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680">https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680</a></p>

			<p><b>ҚР ҒЖБМ БҒСҚК базасында:</b></p> <p>1) Қазіргі қазақ прозасындағы мифтің поэтикалық қызметі // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. - №4(96)/2019. - Б. 48-53.</p> <p>2) Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі «періге ғашық болу» мотиві // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. - №2 (106)/2022. – Б. 117-124</p> <p>3) National literature of the post-socialist realism era // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. - №1 (109)/2023. – Б. 123-131</p> <p>4) The concept of archetype in literature and Jungs theories // Астана қаласы. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. - №3 /2023. – Б. 172-183</p> <p>5) Қазақ әдебиетіндегі ағаш культі // Қарағанды қаласы. Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. - №4 (112)/2023. – Б. 151-159</p> <p><b>Халықаралық конференциялар мен симпозиумдарда, шетелдік басылымдарда жарияланған мақалалар тізімі:</b></p> <p>1) Литературные связи в формировании казахской прозы // Актуальные научные исследования в современном мире: Сборник научных трудов. Выпуск 5(61). Часть 8 – Украина. Переяслав-Хмельницкий, 2020. - Б. 132-</p>
--	--	--	--

			<p>138.</p> <p>2) Ғаламның тілдік бейнесіндегі «бәйтерек» концепті // Актуальные научные исследования в современном мире: Сборник научных трудов. Выпуск 5(61). Часть 8 – Украина. Переяслав-Хмельницкий, 2020. - Б. 163-167</p> <p>3) Study typology of the plot (Based on mythical legends) // Актуальные научные исследования в современном мире: Сборник научных трудов. Выпуск 8(76). Часть 1 – Украина. Переяслав-Хмельницкий, 2021. - Б. 21-26</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <b>1) ия;</b> 2) жоқ	Жұмысты жазу барысында мифологиялық образдарды, архетиптерді, мифологемаларды және оларды авторлық жүйеде жинақтап талдау үшін мифологизмді жіктеудің генетикалық, бейнелі ассоциативті, құрылымдық әдістерді, сондай-ақ мифтік-фольклорлық-әдеби қатынастар мәселесін зерттеуде фольклорлық және әдеби аспектілерді ғана емес, сонымен бірге миф жасау мәселесінің философиялық және психологиялық аспектілерін анықтау үшін психоаналитикалық және ішінара когнитивті әдебиеттану әдістерін қамтитын салыстырмалы-талдау, эксперименттік әдістер пайдаланады. Бұл Б.Е.Сыздықованың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық ақпарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттық дәйектілігіне негізделгендігін көрсетеді.

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерінің пайдалана отырып алынған: <b>1) ия;</b> 2) жоқ</p>	<p>Оқытушының уақытты басқара алу дағдысын қалыптастыру, білім алушылардың да цифрлық технологияларға икемділігін арттыру мақсатында оқыту, талдау әдістеріне эксперимент жасау барысында цифрлық (Google Jamboard, QAZ MATH, wordwall.net, randomus.ru, AhaSlides, flippity.net т.б.) бағдарламаларды қолдануды ұсынады.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <b>1) ия;</b> 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияда тұжырымдалған маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді дереккөздерден алынған ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертант жұмысты жазу барысындағы жинақталған ғылыми және теориялық зерттеулердің негізінде жоғарғы оқу орнында білім алушыларға болашақ маман ретінде көркем шығарманы оқытуда мифопоэтикалық әдістерді қолдануды үйрету болғандықтан, түрлі педагогикалық еңбектер мен білім беру стандартына сүйене отырып, заманауи технологиялық әдістер арқылы көркем шығарманы талдаудың жолдарын практикалық тұрғыда қолдану үшін іднемелік эксперименттер жасаған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертацияда пайдаланылған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінің тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p>

9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>иә</b> ; 2) жок	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>иә</b> ; 2) жок	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары болып табылады. Диссертациялық жұмыс жоғарғы оқу орындарында «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдебиет теориясы» пәндеріне көмекші құрал ретінде, колледждер мен мектептерде жүргізілетін арнайы курстарды жүргізу барысында, көркем шығарманы талдау кезінде, сондай-ақ, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қосымша материал ретінде қолдана алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа</b> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Д.Кемпбеллдің мономиф теориясын қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудағы негізгі әдіс етіп алу, және өзіндік талдау үлгісін ұсынуы, сондай-ақ, психология ғылымында қарастырылған «Таньстық әсер (эффект знакомого)» теориясын көркем шығарманың мотивтік, сюжеттік құрылымын талдауда өзіндік әдіс ретінде қолдануы практикалық тұрғыда жаңашыл болып табылады.


10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Б.Е.Сыздықованың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты.
----	---------------------------	--	--

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

Сыздыкова Биби Ергазықызы «Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі мифопоэтиканың аспектілері» тақырыбындағы диссертациясы үшін 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын және Комитетке Сыздыкова Биби Ергазықызына философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

**Ресми рецензент:**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы



Ж.Ә.Аймұхамбет

